

Бекітемін
ЖШС «Балжібек» бөбекжай балабақша
менгерушісі: И.М.Айдарова

«17» тамыз 2026ж



***2026-2027 оқу жылына арналған
«Балжібек» бөбекжай-балабақшасының
жұмыс оқу жоспары***

Түркістан, 2026 жыл

Түсінік хат

Балабақшаның оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделіп отырып әзірленді.

2026-2027 оқу жылында тәрбие мен білім беру процесі мына құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы. «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша типтік оқу жоспарларын бекіту туралы», ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 10.10.2018ж. №556, ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2014ж. №479, ҚР білім министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

✓ Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03-тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

✓ Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09-қыркүйектегі №394 бұйрығына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлар;

✓ Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру барысында төмендегі құжаттар ескерілді:

✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы, 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ- 59 бұйрығымен бекітілген.

✓ «Балжібек» бөбекжай-балабақшасында 4 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиелініп, оқытылады- 2 топ; орыс тілінде тәрбиелініп, оқытылады- 2 топ.

✓ Олардың ішінде: ортаңғы топ - 2; ересектер топ -1; мектепалды даярлық топ-1

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс – әрекет*	Жас топтары	
		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	күн сайын
2	Тіл дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзету іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл,

танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

*****Басқа тілдерде оқытатын топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы педагогке бағдарлама айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

******Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.**

*******Арнайы түзету іс-әрекеті арнайы және жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда, арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.**

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс – әрекет*/ Балалардың іс – әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі**	күн сайын	3 сағат
2	Тіл дамыту Көркем әдебиет Қарым – қатынас іс – әрекеті Қазақ тілі Қазақ тілі ***	күн сайын	2 сағат 2 сағат 2 сағат 2 сағат 2 сағат
3	Сауат ашу негіздері Қарым – қатынас іс – әрекеті, танымдық іс - әрекет	күн сайын	3 сағат
4	Математика негіздері Танымдық іс – әрекет, зерттеу іс - әрекеті	күн сайын	3 сағат
5	Қоршаған әлеммен таныстыру Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	2 сағат
6	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру		1 сағат

	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс – әрекет, бейнелеу іс – әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.